БЕКІТЕМІН

«Қымбат апа» бөбекжай

балабақшасы ЖШС-ның

меңгеруші м.у.а Кожагелды Д

Түркістан облысы Ордабасы ауданы

«Қымбат апа» бөбекжай-балабақшасы жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Өзін-өзі бағалау қорытындысы

2024-2025 оқу жылы

«Қымбат апа» бөбекжай-балабақшасы ЖШС
Кезектен тыс педагогикалық кеңес
ХАТТАМАСЫ
Өткізілген уақыты: 2025 жылғы 06 қаңтар
Өткізілген орны: Ордабасы ауданы, Қажымұқан ауыл округі, Темірлан елді мекені, Абай №38
ҚАТЫСҚАНДАР:
Бөбекжай-балабақша меңгеруші м.у.а: Кожагелды Диана Ильяскызы
Тәрбиешілер, мамандар.
Барлығы – 15 адам қатысты.

ТАҚЫРЫБЫ: «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министірлігі Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Түркістан облысының Білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті» мемлекеттік мекемесінің 2024 жылғы 24-ші қазан №1632 бұйрығымен бекітілген кестеге сәйкес мемлекеттік аттестаттау шеңберінде» бағалауын ұйымдастыру және өткізу туралы.

КҮН ТӘРТІБІ:
1. Педагогикалық ұжымды 2025 жылғы арналған мемлекеттік аттестаттау кестесімен және «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім министірінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығымен таныстыру туралы;

2. Бағалау өлшемшарттарына сәйкес «Қымбат апа» бөбекжай-балабақшасы өзін-өзі бағалауды өткізу жөніндегі комиссия құрамын бекіту туралы.

ТЫНДАЛДЫ: Сөзді меңгеруші м.у.а. Диана Ильяскызы алды. Ол 2025 жылға арналған мемлекеттік аттестаттау кестесімен және «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту» Қазақстан Республикасы Білім министірінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығымен таныстырып өтті.
«Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру туралы және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2024 жылғы 24-ші қазан №1632 бұйрығына сәйкес, білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын жүргізу бойынша кезектен тыс педагогикалық кеңес өткізу болып табылады.
Бөбекжай-балабақшаның білім беру қызметін өзін-өзі бағалау жүргізу кезінде зерделеудің негізгі бағыттары мен объектілері назарға алына отырып, өзін-өзі бағалауын кемінде бес немесе жеті (тақ саны) қызметкерден тұратын комиссиясымен жүргізу ұсынылды. Ұсыныстар еңгізуді сұраймын дейді.
Әдіскер А. Сырғабаева әдістемелік ұсынымға сәйкес комиссия төрағасы болып балабақша меңгеруші м.у.а. Диана Ильясқызын ұсынды. Комиссия құрамына осы жұмыстардың жүктеуді тәрбиеші Сарманова Сабира, Досмағанбетова Роза және Қалжигитова Мөлдірді ұсынамын.
Педагогикалық кеңеске қатысушылар бірауыздан комиссия мүшелерінің құрамына келісті.

Меңгеруші: «қарсы, қалыс бар ма?»
Барлығы келісті – 15 адам.
«қарсы» – жоқ;
«қалыс» – жоқ.

Сонымен қатар, МДҰ меңгерушісі оқыту нәтижелерін бағалау өлшемшарттары келесі нақты өлшеуіштерге сәйкес жүзеге асырылатынын түсіндірді:

1) оқу жұмыс жоспарлары мен ұйымдастырылған қызметтің мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу талаптарына сәйкестігі;

2) білім беру қызметін мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес іске асыру;

3) мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларын сақтау;

4) баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын мектепалды жастағы тәрбиеленушілерді оқыту нәтижелерінің болуы;

5) тәрбиеленушілердің даму мониторингісінің болуы және нәтижелері бойынша баланың жеке даму картасының талдауы;

6) үлгілік оқу бағдарламасына қосымшаға сәйкес балалардың жасын ескере отырып, тәрбиеленушілердің жетістіктерін мониторингілеу нәтижелерінің (қорытынды) болуы және талдау.

7) МДТО ҮОЖ белгіленген тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптарға сәйкестігі және сақталуы;

8) балалардың жасын ескере отырып, жас топтарын қалыптастыру кезінде талаптарды сақтау;

9) тәрбиеленушіні 1-сыныпқа қабылдағанға дейін МДТО үлгілік оқу бағдарламасын игеру бойынша талаптарды сақтау.

Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарына "үлгілі" – 5, "жақсы" – 4, "жақсартуды қажет етеді" – 3, "төмен" – 2 деңгейлерінің біріне сәйкес келетін өлшеуіштер және балл қолданылады.

Шешімі:

1. Бөбекжай-балабақшаның өзін-өзі бағалауын ұйымдастырып өткізу жөнінде келесі құрамда комиссия құрылсын:

Комиссия төрағасы: бөбекжай-балабақшаның меңгеруші м.у.а: Кожагелды Д.И;
Комиссия мүшелері:

- Әдіскер: Сырғабаева А
- Тәрбиеші: Сарманова С
- Тәрбиеші: Досмағанбетова Р
- Тәрбиеші: Қалжигитова М

2. 2025 жылғы 07 ақпанға дейін комиссия өзін-өзі бағалау қорытындысын педагогикалық кеңесте білім беру процесінің барлық қатысушыларының назарына жеткізсін және нәтижелері бойынша қамқоршылық кеңес алдында есеп берсін.

Төрайымы: **Д. Кожагелды**

Хатшы: **М. Қалжигитова**

Түркістан облысы Ордабасы ауданы әкімдігі білім бөлімінің «Қымбат апа» бөбекжай балабақшасы жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БҰЙРЫҚ

2025 жылғы 6 қаңтар №15 НҚ «Қымбат апа» б/б

Мектепке дейінгі ұйымда өзін-өзі бағалау жөніндегі комиссия құру туралы

ҚР ОАМ Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету департаментінің 2024 жылғы 24-ші қазан №1632 бұйрығы негізінде

БҰЙЫРАМЫН:

1. Мектепке дейінгі ұйымының өзін-өзі бағалау жөніндегі комиссиясы құрылсын (1-қосымша)
2. Мектепке дейінгі ұйымында өзін-өзі бағалауды жүргізу мерзімдері "06" қаңтар 2025 ж. бастап 07 ақпан 2025 ж. дейін бекітілсін.
3. Мектепке дейінгі ұйымдардың өзін-өзі аттестаттау жоспары бекітілсін (2-қосымша).
4. Құжаттар топтамасы Түркістан облысы білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету департаментіне 2025 жылдың 7-ақпанына дейін жолдансын.
5. Осы бұйрықты бақылау мен орындауды өзіме қалдырамын.

Балабақша меңгеруші м.у.а: **Кожагелды Д. И.**

Қосымша 1

Өзін-өзі бағалау комиссиясының тізімі:

№	Ф.А.Ә.а.	Атқаратын лауазымы
1	Кожагелды Диана Ильяскызы	МДҰ меңгеруші м.у.а.
2	Сырғабаева Айгерим Шаирбековна	МДҰ әдіскері
3	Калжигитова Мулдир Данишхановна	МДҰ тәрбиешісі
4	Досмагамбетова Роза Сабырханқызы	МДҰ тәрбиешісі
5	Сарманова Сабира Джумабековна	МДҰ тәрбиешісі

Қосымша 2

МДҰ өзін-өзі бағалауды өткізу жоспары

№	Ф.А.Ә.а.	Жауапты
1	Өзін-өзі бағалауды өткізу жоспарын дайындау және бекіту	Меңгеруші, әдіскер
2	Ұсынылатын мектепке дейінгі ұйымының қызметтерінің сапа көрсеткішін анықтау	Меңгеруші, әдіскер
3	Мемлекеттік жалпыға міндетті мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту стандартының талаптарына жұмыс оқу жоспарлары мен ұйымдасқан қызметтің орындалуы және сәйкестігі	Меңгеруші, әдіскер
4	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес білім беру қызметін жүзеге асыру	Меңгеруші, әдіскер
5	Педагог кадрлардың біліктілігіне қойылатын талаптарды сақтауын қадағалау	Меңгеруші, әдіскер
6	Тәрбиеленушілердің дамуының мониторингі (бастапқы, қорытынды) нәтижелерін талдаудың болуы және сәйкестігі, баланың даму картасын толтыру	Әдіскер, тәрбиешілер
7	Тәрбиеленушілердің МДТО ҮОЖ белгіленген тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптарға сәйкестігі және сақталуын қадағалау	Меңгеруші, әдіскер, тәрбиешілер
8	Балалардың жасын ескере отырып, жас топтарын қалыптастыру кезінде талаптарды сақтау; Выполнение и соблюдение сроков освоения типовой учебной программы ДВО до приема воспитанника в 1 класс.	Меңгеруші, әдіскер, тәрбиешілер, мамандар
9	Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру	Меңгеруші, әдіскер, тәрбиешілер, мамандар

Қазақстан Республикасы, Түркістан облысы, Ордабасы ауданы
«Қымбат апа» бөбекжай-балабақшасы
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» №319 Заңының 59 бабы, 4-1 тармағына және Түркістан облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің 2024 жылғы 24-ші қазан №1632 бұйрығы бойынша 2025 жылға арналған мемлекеттік аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарының тізіміне сәйкес өзін-өзі бағалау құжаттарын жүргізу үшін мынадай құрамда балабақшаны өзін-өзі бағалау аттестаттау комиссиясы 06 қаңтар 2025 жылғы №15 НҚ бұйрығымен құрылды:

1. Д. Кожагелды – балабақша меңгеруші м.у.а., комиссия төрайымы;
2. А. Сырғабаева – балабақша әдіскері, комиссия мүшесі;
3. М. Қалжигитова – балабақша тәрбиешісі,комиссия мүшесі;
4. Р. Досмагамбетова – балабақша тәрбиешісі, комиссия мүшесі;
5. С. Сарманова – балабақша тәрбиешісі, комиссия мүшесі.

Өзін-өзі бағалау іс-жоспары түзілді және соған сәйкес жұмыстар жүргізілді. Бағаланатын кезеңдерге сәйкес талдау жасалатын құжаттар дайындалды және олардың барлығының көшірмелері түпнұсқадан сканерленген ПДФ форматталған файлдарға салынды және сайтқа жүктелді.

«Қымбат апа» бөбекжай-балабақшасы жауапкершілігі шектеулі серіктестігі екі жыл және ағымдағы жылдың наурыз айына дейінгі оқу-процесін зерделеп, оларды білім беру саласындағы ақпараттандыру объектілерінде орналастырылған мәліметтермен және ұйымдар мен уәкілетті мемлекеттік органдардың мәліметтерімен салыстыра отырып, комиссия қызметтің сандық және сапалық көрсеткіштеріне бағалау қортындысын ұсынады.

1. Білім беру ұйымының жалпы сипаттамасы

«Қымбат апа» бөбекжай-балабақшасы
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі туралы ақпараттық анықтама

1	Мектепке дейінгі ұйымның атауы	Түркістан облысы, Ордабасы ауданы «Қымбат апа» бөбекжай-балабақшасы жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
2	Білім беру ұйымының орналасқан жері (заңды мекен-жайы және нақты орналасқан жерінің мекен-жайы)	Қазақстан Республикасы, Түркістан облысы, Ордабасы ауданы, Қажымұқан ауылдық округі, Темірлан елді мекені, Абай көшесі №38
3	Заңды тұлғаның байланыс деректері (телефон, электрондық пошта, webсайт)	Тел:8-702-792-14-17; kymbatapa@mail.ru **сайт: https://kimbat-apa.bb.edu.kz/**
4	Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері (басшының Т.А.Ә лауазымға тағайындау туралы бұйрықтың көшірмесі)	«Қымбат апа» бөбекжай-балабақшасы ЖШС-ның меңгеруші м.у.а: Кожагелды Диана Ильяскызы білімі жоғары, үздік диплом. Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті Жалпы еңбек өтілі 5 жыл, педагогикалық өтілі 5 жыл, 2024 жылғы 03 маусым №118 ЖҚ бұйрықпен тағайындалған.
5	Құқық белгілейтін және құрылтайшылық құжаттары (жарғының және заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу не қайта тіркеу туралы анықтаманың/куәліктің көшірмесі қоса беріледі)	Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтамасы Қазақстан Республикасының заңдамасына сәйкес Заңды тұлға мемлекеттік тіркеуден 24.09.2015 жылы өткен. БСН-150940020432, алғашқы мемлекеттік тіркеу күні 24.09.2015 жыл Кәсіпорын жарғысы Ордабасы аудандық тіркеу және кадастр бөлімі 07.09.2015 ж Тіркеу № 19-293-107-2309
6	Рұқсат беру құжаттары (білім беру қызметіне лицензия және оған қосымша және	Мемлекеттік лицензия 19.12.2022 жыл Қызметті жүзеге асыруды бастағаны туралы № KZ71RVK00043441 хабарлама Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы

	(немесе) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы хабарламаны жіберу туралы талон)	
7	Құрылған жылы	2015 жыл
8	Типтік ғимарат	Екі қабатты типтік
9	Топтар саны	4 топ
10	Балаларды оқыту тілі	Қазақ тілі
11	Жұмыс аптасының ұзақтығы	5 күндік
12	Ауысым саны	Тәрбиешілер: I-ауысым; II-ауысым
13	МДҰ-ның жобалық әлеуеті	Балабақша орны 100 балаға арналған 10.11.2015 жылы №1781-6-3-146 санитарлық эпидемиологиялық қорытынды берілген. Құжаттар көшірмесі қоса жолданды.

Балабақша ғимараты ыңғайластырылған. Балабақша 100 орындық, 4 топ жұмыс жасайды. Қазіргі таңда балабақшада 95 бала тәрбиеленуде. Әр топ жас ерекшеліктеріне қарай топтастырылған. Балабақша аптасына 5 күндік жұмыс істейді, сағат 08:00 бастап 18:30 сағатқа дейін төрт топ жұмыс жасайды

1. «Балақай» кіші тобы – 20 тәрбиелешуші
2. «Балапан» ортаңғы топ – 25 тәрбиеленуші
3. «Балдырған» ересек топ – 25 тәрбиеленуші
4. «Балауса» мектепалды топ – 25 тәрбиеленуші

Тәрбиеленушілер мемлекеттік тілде тәрбиеленуде. Балабақшада қабылдау бөлмесі, оқу-тәрбие, ойын бөлмесі, жатын, ыдыс жуатын, асхана, әкімшілік бөлмесі, медицина бөлмесі, оқшаулау бөлмесі, кір жуу бөлмесі мен қойма бар. Материалдық-техникалық базасы стандартқа сай жабдықталған. Жылу жүйесі пеш арқылы табиғи газбен жылытылады. Су, электр жүйесі орталықтандырылған. Балабақша өрт-дабыл түймешесінің автоматты хабарлау жүйесінің, оның ішінде ішкі дыбыстық хабарлау жүйесі және бейнебақылау камераларымен жабдықталған.

Балабақшада медициналық кабинет жұмыс жасайды. Медициналық кабинетте қабылдау бөлмесі, емшара бөлмесі, оқшаулау бөлмесі, санитарлық қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес құрал-сайман жабдықтармен жабдықталған.

Балабақша ауласы көгалдандырылған, жеміс ағаштары егілген. Ауладағы ойын алаңы және топтарға арналған жазғы шатырлар өз дәрежесінде жабдықталған. Жеке топтарға арналған ойын алаңдары, балалар ойнайтын құралдар көлеңкелі қоршау орындығымен гүл алаңқайлары және балалардың денсаулығын нығайтатын, ойын құралдарымен жабдықталған спорт алаңы бар.

Балабақшаның арнайы бөлмелері:

- Меңгеруші бөлмесі;

- Әдістемелік бөлмесі;
- Теледидар – 4 дана;
- Компьютер – 2 дана;
- Ноутбук – 2 дана;
- Принтер – 2 дана;
- Түрлі-түсті принтер – 1 дана.

Ата-аналар үшін топта «Денсаулық бұрышы», «Қауіпсіздік ережелері» жылжымалы папкалар безендірілген. Әр топта «Денсаулық», «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру негізінде «Ұлттық бұрыш», «Ойыншықтар сөресі», «Мобильді кітапхана», «Экологиялық бұрыш», бес дағды бойынша дамытушы орталықтар жасақталған.

Білім беру ұйымдарын
бағалау өлшем шарттарының
1-қосымшасы

Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметін бағалауға арналған өлшем шарттар

Р/с	Бағалау өлшем шарттары	Өлшеуіштер	Балдары
1	Тиісті бейіні бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжаты бар педагогтердің үлесі	100 %	
		95 - 99 %	5
		80 - 94%	
		80 %-дан төмен	
2	Біліктілік санатының деңгейін бес жылда бір реттен сиретпей арттырған/растаған педагогтердің (оның ішінде басшылардың үш жылда бір реттен сиретпей) үлесі	100 %	
		95 - 99 %	
		80 - 94 %	4
		80 %-дан төмен	
3	Үш жылда бір реттен сиретпей (оның ішінде басшы, басшы орынбасарларының) біліктілігін арттыру курстарынан өткен педагогтердің үлесі	100 %	
		95 - 99 %	
		80 - 94 %	4
		80 %-дан төмен	
4	Білім беру ұйымының Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы №70 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №13272 тіркелген) сәйкес жабдықтар мен және жиһазбен жарақтандырылуы	100 %	
		95 - 99 %	5
		80 - 94 %	
		80 %-дан төмен	
5	Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдар үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы №6 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №23513 тіркелген) сәйкес жағдай жасау	100 %	
		95 - 99 %	4
		80 - 94 %	
		80 %-дан төмен	
6	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы №216 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді	100 %	
		95 - 99 %	5
		80 - 94 %	

	мемлекеттік тіркеу тізілімінде №20708 тіркелген) сәйкес мектепке дейінгі ұйымдарға арналған оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз ету	80 %-дан төмен	
7	Жас топтары толықтырылуының сәйкестігі (топтар бөлінісінде)	100 %	5
		95 - 99 %	
		80 - 94 %	
		80 %-дан төмен	
8	Ата-аналардың сауалнама нәтижелерін талдау	80 % -дан 100% - ға дейінгі респонденттер тәрбиеленушілер дің дайындық деңгейіне қанағаттанған	5
		65% -дан 79 % - ға дейінгі респонденттер тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қанағаттанған	
		50 % -дан 64 % - ға дейінгі респонденттер тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қанағаттанған	
		50 %-дан кем респонденттер тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қанағаттанған	
9	Педагогтердің сауалнама нәтижелерін талдау	80 %-дан100% - ға дейінгі респонденттер сапалы оқытумен тәрбиелеу үшін жағдайдың жасалу деңгейіне қанағаттанған	5

		65% дан 79% ға дейінгі респондерттер сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін жағдайын жасалу деңгейіне қанағаттанған.
		50% дан 64% ға дейінгі респондерттер сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін жағдайын жасалу деңгейіне қанағаттанған.
		50% ден кем дейінгі респондерттер сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін жағдайын жасалу деңгейіне қанағаттанған.

«Қымбат апа» бөбекжай-балабақшасы меңгеруші м.у.а: **Кожагелды Д. И.**

2. Кадрлық құрамға талдау

Кадрлық құрамды бекіту – «Қымбат апа» бөбекжай-балабақшасы жұмысының негізгі бағыттарының бірі. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы мен балабақша Жарғысына сәйкес педагогикалық ұжым мен білім ұйымдастыру басшысымен қалыптастырылады. Педагогикалық кадрларға қабылдау басқарушы мен педагогикалық жұмысшы арасында жасалған еңбек шарты негізінде жүзеге асырылады. 2024-2025 оқу жылында 15 педагог жұмыс атқарады:

- «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» жоғары білімді 5 педагог;
- Қайта даярлау курсынан өткен «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» жоғары білімді 5 педагог;
- «Педагогика және психология» жоғары білімді 1 педагог-психолог;
- Қайта даярлау курсынан өткен «Қазақ тілі мен әдебиеті» жоғары білімді 1 педагог;
- Қайта даярлау курсынан өткен «Құқық және экономика негіздері» жоғары білімді 1 педагог;
- Қайта даярлау курсынан өткен «Шетел тілі: екі шетел тілі» жоғары білімді 1 педагог;
- «Музыкалық білім» жоғары білімді 1 педагог бар.

Меңгеруші – «Үшінші біліктілік» басшы, әдіскер – педагог-модератор, тәрбиеші-модератор – 6, тәрбиеші-сарапшы – 1, қазіргі таңда санатсыз 6 педагог бар. Педагогтерге біліктілік санаттарын беру (растау) туралы 2024 жылдың тамыз айында 5 педагог «педагог-модератор», қазан айында 1 педагог «педагог-сарапшы» біліктілік санатына өтуге өтініш білдірген. Сондай-ақ өтініш білдірген педагогтардың 6-ы да қызмет нәтижелерін кешенді жинақтаудан өтіп, ПББ тапсырған, нәтижесінде 5 педагог "педагог-модератор", 1 педагог «педагог-сарапшы» біліктілік санатына балл жинай алды. Педагогтардың білімін бағалаудан өту туралы сертификат көшірмелері және «педагог-модератор» біліктілік санаттарын растайтын куәліктер сайтқа жолданды.

Балабақшаның сапалық тізімі ұсынылған дипломның көшірмелерінен қарастырылды.

1. Исмайлова Ғазиза Абдразаққызы – Білімі жоғары, Аймақтық әлеуметтік-инновациялық университеті, «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» 2016 жыл. 2021 жылдан бастап меңгеруші болып жұмыс жасайды. (қазіргі таңда декреттік демалыста)

2. Кожагелды Диана Ильяскызы – Білімі жоғары үздік, Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» 2018 ж. 2024 жылдан бастап меңгеруші міндетін уақытша атқарушы болып жұмыс жасайды.

3. Абдурахманова Шолпан Бахтибековна – Білімі жоғары, Аймақтық әлеуметтік-инновациялық университеті, «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» 2017 жыл. Тәрбиеші болып жұмыс істейді.

4. Айнабекова Гулжанат Алмахановна – Білімі жоғары, Халықаралық гуманитарлық-техникалық университеті, «Педагогика және психология» 2013 жыл. Педагог-психолог болып жұмыс істейді.

5. Айханқызы Меруерт – Білімі жоғары, Орталық Азия Инновациялық Университеті, «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» 2023 жыл. Тәрбиеші болып жұмыс істейді.

6. Досмагамбетова Роза Сабырханқызы – Білімі жоғары, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, «Құқық және экономика негіздері» 2001 жыл. Тәрбиеші болып жұмыс істейді.

7. Калжигитова Мулдир Данишхановна – Білімі жоғары, Аймақтық әлеуметтік-инновациялық университеті, «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» 2019 жыл. Тәрбиеші болып жұмыс істейді.

8. Калыбаева Жансай Елбосиевна – Білімі жоғары, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, «Қазақ тілі мен әдебиеті» 2009 жыл. Тәрбиеші болып жұмыс істейді.

9. Нұржау Шынар Бегалықызы – Білімі жоғары, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» 2020 жыл. Тәрбиеші болып жұмыс істейді.

10. Сарманова Сабира Джумабековна – Білімі жоғары, Қазақстан инженерлі-педагогикалық халықтар достығы университеті, «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» 2016 жыл. Тәрбиеші болып жұмыс істейді.

11. Сырғабаева Айгерим Шаирбековна – Білімі жоғары, Шымкент университеті, «Шетел тілі: екі шетел тілі» 2009 жыл. Әдіскер болып жұмыс істейді.

12. Тожиева Нуржахон Боймаханбетовна – Білімі жоғары, Аймақтық әлеуметтік-инновациялық университеті, «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» 2014 жыл. Тәрбиеші болып жұмыс жасайды.

13. Турсынбаева Рабига Бектыбаевна – Білімі жоғары, Оңтүстік Қазақстан Ашық университеті, «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» 2006 жыл. Тәрбиеші болып жұмыс жасайды.

14. Смайлова Мәдина Умбетиллақызы – Білімі жоғары, Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты, «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» 2014 жыл. Тәрбиеші болып жұмыс істейді.

15. Бахтыбай Ләззат Жүрсінқызы – Білімі жоғары М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, «Музыкалық білім» 2023 жыл. Саз жетекшісі болып жұмыс істейді.

Педагог кадрлармен жасақталғандығы туралы мәліметтер 2-қосымшада берілді. МЖМБС және МДТО үлгілік оқу бағдарламасының талаптарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын орындауды қамтамасыз ететін «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мамандығы бойынша білімі бар тәрбиешілердің болмауы (тәрбиеленушілерді тәрбиелеу және оқыту бойынша кәсіби қызметті жүзеге асыратын педагогтар дипломдарының көшірмелері қоса берілді); Ордабасы ауданы «Қымбат апа» бөбекжай-балабақшасы жауапкершілігі шектеулі серіктестігі педагогтар мен қызметкерлердің штаттық кестесі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы №77 қаулысымен басшылыққа алынып, белгіленген. Бөбекжай-балабақша қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулары балабақша бастауыш кәсіподақ келісімімен бекітілген. Әр қызметкерге өз жұмысына сай лауазымдық нұсқаулықтар таныстырылған. Бөбекжай-балабақша қызметкерлеріне жеке іс құжаттары жүргізілген. Онда қызметкерлердің жеке куәлік көшірмесі, аттестаттау парағы, біліктілігін арттыру курстарынан өткен сертификаттарының көшірмелері (жеке куәліктер, диплом, біліктілік курстар, сертификаттар, көшірмесі қоса жолданды).

Барлық педагогтар саны	«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мамандығы бойынша	Бастауыш сыныпта оқыту мамандығы бойынша	Психолог	Саз жетекшісі	Басқа да мамандар
15	33,3%	33,3%	6%	6%	21,4%

Оқу жылдары	Барлық курстан өткен педагог саны	Оның ішінде «Өрлеу»	Оның ішінде «ПШО»	Оның ішінде «Ерте дамыту институты»
2022-2023 оқу жылы	5	3	2	-
2023-2024 оқу жылы	4	3	1	-
2024-2025 оқу жылы	3	2	-	1

«Қымбат апа» бөбекжай-балабақшасы жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде педагогтардың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру деңгейлері бойынша бала дамуын үнемі бақылау арқылы тәрбиеленушілердің жетістіктерінің деңгейін

анықтау қарастырылып, баланың жас ерекшелігіне сәйкес ептіліктері мен дағдыларының дамуына қадағалау жүргізілді. 2022-2023, 2023-2024 оқу жылындағы бастапқы, аралық, қорытынды кезеңдерімен ағымдағы оқу жылындағы балалардың біліктері мен дағдыларының дамуын бастапқы және аралық бақылау нәтижелері бойынша материалдары электронды және қағаз түрінде жинақталған. Бастапқы, аралық, қорытынды диагностиканың нәтижелері бойынша бақылау парақтарының мәліметтері негізінде баланың жеке даму картасы топтағы әрбір балаға толтырылған. Жеке даму карталарында білім беру салалары бойынша түзету іс-шаралары көрсетілген және күнделікті күннің екінші жартысында балалармен жеке жұмыстары түзету жұмыстар жүргізілуде (тәрбиеленушілердің жеке даму жоспарларының карталары) көшірмелері электронды нұсқада жіберілді.

«Қымбат апа» бөбекжай-балабақшасы ЖШС-ның педагогтары шығармашылық, көркемдік конкурстар мен байқауларға қатысу нәтижелері:

№	Т.А.Ә	Республикалық деңгейдегі жетістіктер	Облыстық деңгейдегі жетістіктер	Аудандық деңгейдегі жетістіктер
1	Исмайлова Ғазиза Абдразаққызы			Ордабасы аудандық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағы комитетінің төрағасынан «Құрмет грамотасы» 2021 ж Түркістан облысы, Ордабасы аудандық адами әлеуетті дамыту бөлімі басшысынан «Алғыс хат» 2021 ж Түркістан облысы «АТАМЕКЕН» Ұлттық Кәсіпкерлер

				Палатасы Ордабасы ауданы филиалы директорынан «Алғыс хат» 2021 ж
2	Кожагелды Диана Ильяскызы	-	-	-
3	Абдурахмонова Шолпан Бахтибековна			Ордабасы аудандық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағы комитетінің төрағасынан «Құрмет Грамотасы» 2022 ж
4	Айнабекова Гулжанат Алмахановна	Диплом Казтест 2021 ж Республикалық педагогикалық ғылыми-әдістемелік журналдың бас редакторынан «Құрмет грамотасы» 2024 ж	Түркістан облысы Білім басқармасына қарасты мекеме қызметкерлерінің жергілікті кәсіптік одағы қоғамдық бірлестігі төрағасынан «Алғыс хат» 2023 ж	
5	Айханқызы Меруерт	-	-	-
6	Досмагамбетова Роза Сабырханқызы			Түркістан облысы, Ордабасы ауданының білім бөлімі басшысынан «Құрмет грамотасы» 2023 ж Түркістан облысы Ордабасы

				аудандық адами әлеуетті дамыту бөлімі басшысынан «Алғыс хат» 2021 ж Білім және Ғылым қызметкерлері кәсіподағы Ордабасы аудандық комитетінің төрағасынан «Құрмет Грамотасы» 2020 ж
7	Калжигитова Мулдир Данишхановна	«Дарындар әлемі» халықаралық интелектуаллды білім беру порталының бас редадторынан «Диплом» 2022 ж		Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «Ордабасы ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі» басшысынан «Алғыс хат» 2022 ж Түркістан облысы «АТАМЕКЕН» Ұлттық Кәсіпкерлер Палатасы Ордабасы ауданы филиалы директорынан «Алғыс хат» 2023 ж Түркістан облысы,

				Ордабасы ауданының білім бөлімі басшысынан «Алғыс хат» 2024ж
8	Калыбаева Жансай Елбосиевна	-	-	-
9	Нұржау Шынар Бегалықызы	«ПЕДАГОГ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІ» республикалық ғылыми-әдістемелік, педагогикалық журналының бас редакторынан «Сертификат» 2022 ж		
10	Сарманова Сабира Джумабековна			Түркістан облысы, Ордабасы ауданының білім бөлімі басшысынан «Алғыс хат» 2024 ж
11	Сырғабаева Айгерим Шаирбековна	«Педагогикалық шеберлік» журналының бас редакторынан «Алғыс хат» 2024 ж «Халықаралық ғылыми тәжірибе» орталығының төрайымынан «Алғыс хат» «Педагогикалық шеберлік» журналының бас редакторынан «Грамота» 2024 ж		Білім және Ғылым қызметкерлері кәсіподағы Ордабасы аудандық комитетінің төрағасынан «Құрмет Грамотасы» 2020 ж Түркістан облысы, Ордабасы аудандық адами әлеуетті дамыту бөлімінің басшысынан «Алғыс хат» 2023 ж

12	Тожиева Нуржахан Баймаханбетовна	ҚР Педагогтар Қоғамының шешімімен «Үздік педагог» төсбелгісі, Астана 2023 ж ҚР Педагогтар Қоғамы төрағасынан «Үздік педагог» номинациясы бойынша «Диплом», Астана 2023 ж		Түркістан облысы, Ордабасы аудандық адами әлеуетті дамыту бөлімі басшысынан «Құрмет грамотасы» 2022 ж Түркістан облысы, Ордабасы аудандық адами әлеуетті дамыту бөлімі басшысынан «Алғыс хат» 2023 ж «Nur Otan» партиясы Ордабасы аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасарынан «Алғыс хат» 2021 ж
13	Турсынбаева Рабига Бектыбаевна	ҚР Оқу-ағарту министрлігі «Technology, Pedagogy and Education» Республика педагогтарының ғылыми-инновациялық әдістеме орталығынан «Диплом» 2024 ж «Bilim academy AI» қоғамдық		

		қорының төрағасынан «Алғыс хат» Халықаралық «Өрлеу-өркендеу» ғылыми-ақпараттық, танымдық-тәрбиелік журналы І-дәрежелі «Диплом» Алматы 2022 ж «Педагогика жаңалықтары» Республикалық ғылыми-әдістемелік журналы директорынан «Алхыс хат» Шымкент, 2024 ж		
14	Смайлова Мәдина Умбетиллақызы	«Педагогикалық шеберлік» журналының бас редакторынан «Алғыс хат» 2024 ж «Педагогикалық шеберлік» журналының бас редакторынан «Мадақтама Грамота» 2024 ж		
15	Бақтыбай Лаззат Жүрсінқызы	-	-	-

2022-2023 оқу жылындағы тәрбиеленушілер құрамы:

№	Топтың атауы:	Бала саны
1	«Балақай» ерте жас тобы	10
2	«Балапан» кіші тобы	20
3	«Балдырған» орта тобы	25
4	«Балауса» ересек тобы	25

2022-2023 оқу жылында балабақша өз жұмысында Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексін, «Білім туралы» Заңын, Еңбек кодексін тағы да басқа нормативтік-құқықтық актілерді, білім беру ұйымының Жарғысын басшылыққа алды.

Балабақшадағы оқу-тәрбие үрдісі мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ҚР Үкіметінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығынамен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына, ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығы мектепке дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқытуға арналған үлгілі оқу жоспарына сәйкес жүргізілді.

Баланы оқыту, дамыту және тәрбиелеу бес дағды шеңберінде: «Физикалық қасиеттері», «Коммуникативтік дағдылар», «Таным және зияткерлік», «Шығармашылық дағдылары», «Әлеуметтік-эмоцияналды» дағдылары бойынша жүзеге асырылды. Барлық білім салалар бір-бірімен үздіксіз байланыста болғандықтан, педагогикалық үрдісті ұйымдастыруда оқу іс-әрекетінің кіріктірілген, «саяхат», театрландырылған, ойын-сауық т.б. тиімді түрлерін қолданудамыз. Баланың дамуын тұрақты қадағалау, тиісті қорытындылар жасау, оның алға жылжуын болжамдауға мүмкіндік беретін индикатор жүйесі арқылы аралық, қорытынды тест жүйесі жүргізіліп, мониторингтер жасалып тұрады.

Топ бөлмелері де қазіргі заман талабына сай жабдықталып, қабылдау, ойын, жатын бөлмелері ретінде өз функцияларын атқарды. Топтарда белсенді ойын орталықтары бес дағды функциясына сай ұйымдастырылған. Тәрбиешілер орталықтарда зерттеу іскерлігі бойынша материалдармен толықтырып, балаларды ынталандырып отырады.

Біздің педагогтар жеке практикадағы тәжірибесін саналы жетілдіріп отырады, ал педагогикалық ұжым әрқайсының кәсіби шығармашылығын қолдайды. Олар үнемі өз білімін, қабілетін дамыту және жаңаны ойлап табу жолында жұмыс істейді. Әрбір педагог өткізілетін іс-шараларға әртістік қабілеттерін шындап ізденімпаздылықпен, қызықты өтуіне жауапкершілікті дайындықпен келеді.

Алға қойылған міндеттемелерді орындау үшін балабақшадағы жас ерекшелік топтардың тәрбиешілері әр баланың ойлау қабілетін, білік, білім дағдыларын дамыту үшін пәндік-дамытушы ортасын жасай білді. Барлық қызмет түрлері үшін қолайлы жағдай жасау бойынша педагогтар балалармен және олардың ата-аналарымен жоспарлы жұмыс жүргізіп білім бағдарламасының орындалуына ықпалын тигізді.

Балабақшаның педагогтары мен мамандары балалардың көркем-эстетикалық тәрбиесін, белсенді қимылын, ойын қызметін, тілін дамытуға ат салысты. Негізі болып бөбекжай-балабақшаның ұжымы өзі табылады. Балабақшаның қызметі педагогикалық кеңесте қарастырылады. Балабақшадағы оқу-тәрбие жұмысын талдау және жетілдіру мәселелерін, педагогикалық кадрлардың жалпы педагогикалық мәдениетіне, педагогикалық шеберлігіне және рухани өсуіне қатысты мәселелердің шешімін табамыз. Қарастырылатын мәселелер шеңбері әртүрлі, бірақ балаларды тәрбиелеу, оқыту және сауықтыру балабақшаның негізгі міндеті.

Балаларды тәрбиелеу және оқыту нормативтік-құқықтық құжаттарға және бекітілген жылдық жоспарға сәйкес іске асырылады. 2022-2023 оқу жылына 5 педагогикалық кеңес өткізілді. Педагогикалық кеңестердің тақырыптары жылдық міндеттерді көрсетеді.

Жылдық жұмыс жоспарына сәйкес 4 өндірістік кеңес белгіленген уақытта өткізілді. Өндірістік кеңесте қаралған жоспарлы мәселелер:

- Балабақшадағы 2022-2023 оқу жылының жұмыстағы ішкі еңбек тәртібін бекіту;
- Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулық;
- Төтенше жағдай кезіндегі қызметкерлердің іс-әрекетін талқылау;
- Жаңа оқу жылына дайындықтың қорытындысы;
- Топтың санитарлық-гигиеналық жағдайы;
- «Үздік денсаулық бұрышы», «Үздік театр бұрышы», «Үздік топ ауласы» атты байқаудың қорытындылары жарияланды;
- Бөбекжай-балабақша қызметкерлерінің «Ішкі еңбек тәртібі ережелерін» және лауазымдық нұсқаулардың орындалуы жөнінде;
- Балабақшаның қысқы жылыту маусымына дайындығы туралы;
- Балалар ауруын, балалардың балабақшаға қатынасуын талдау;
- Балалардың тамақтануын ұйымдастыру бойынша бақылау қорытындысы;
- Жаз мезгіліне педагогикалық кадрларды орналастыру туралы

2022-2023 оқу жылында жоспарланған бес меңгеруші жанындағы жиналыс уақтылы өткізілді. Ондағы қарастырылған мәселелер:

- Педагогикалық кадрларды аттестаттау туралы. 2022-2023 оқу жылына біліктілік санатына 1 педагог өтініш берген. Оның 1-уі тесттен өтіп, портфолиосын қорғап шығып, педагог-модератор санатын алды;
- «Тіл мерекесі», «Алтын күз», «Тәуелсіздік Күні», «Жаңа жыл», «8-Наурыз», «22-Наурыз», «1-Мамыр», «9-Мамыр – Жеңіс күні», «15-Мамыр – Отбасы күні», «1-маусым – Балаларды қорғау күні» ертеңгіліктерінің сценарийлері бекітілді;
- Ата-аналардың әлеуметтік мониторингі топ бойынша жүргізіліп, 2022-2023 оқу жылына ата-аналардың әлеуметтік паспорты құрастырылды;
- «Балалар тамағын ұйымдастыру, тамақ нормасының дұрыс орындалуы» бойынша сараптама жүргізіліп, қорытынды шығарылды;
- Өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөнінде нұсқаулықтар жүргізілді;
- Балалардың құзыреттілігі, жарты жылдық және жылдық мониторинг қорытындылары, «Жаңа оқу жылына топтың дайындығы», «Ең үздік денсаулық бұрышы» көру-байқаулары қорытындылары шығарылды.

Балабақшаның жұмыс жүйесінде әдістемелік жұмыс ерекше орын алады. Мектепке дейінгі білім мазмұнының жаңартылуы педагогтың бастамасына, шығармашылығына және әдістемелік іс-шараларға қатынасуына тікелей байланысты. Әдістемелік жұмыс жылдық жоспарға сәйкес жүргізілді. Педагогикалық кеңеске, семинарларға, кеңес беруге баяндамаларды дайындау педагогтардың кәсіби құзыреттілігін арттыруына ықпалын тигізді. Балабақшаның бүкіл қызметі мектепке дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқытудың ең биік нәтижеге жеткізуіне бағытталған.

Оқу-тәрбие процесі мемлекеттік жалпыға бірдей білім беру стандартының талаптарын есепке ала отырып құрастырылған. Әр педагогикалық кеңес қарсаңында ашық ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттері жоспар бойынша өткізілді. Бес білім саласы кіріктірілген кешенді оқу іс-әрекеттері жаңа өтпелі тақырып бойынша құрастырылып тапсырылады. Оқу жүктемесі санитарлық-гигиеналық талаптарға сай.

«Қымбат апа» бөбекжай-балабақшасында 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары бойынша білім беру ұйымында педагог-мамандары мен тәрбиешілердің перспективалық жоспарлары мен циклограмма құрылымы топтар бойынша 2022 жылғы 3 тамыз №348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына» және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына», Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына сәйкес әзірленген.

«Балаларды ерте дамыту институтының» Ғылыми-әдістемелік кеңесінің шешімімен ұсынылған (2022 жылғы 26-шілдедегі), «Балаларды ерте дамыту институтының» Ғылыми-әдістемелік кеңесінде қаралып, 2022 жылғы 23-қарашадағы ұсынылған әдістемелік нұсқаулық перспективалық жоспарлар жасау барысында басшылыққа алынған. (Бағаланатын кезеңге бекітілген перспективалық жоспар және циклограммалар, үлгілік оқу жоспары, ұйымдастырылған іс-әрекеттердің кестесінің көшірмелері қоса жүктелді)

Тәрбиеленушілердің жеке тұлғасын жан-жақты дамыту мына бағыттар бойынша:

- физикалық дамыту;
- коммуникативтік дағдыларды дамыту;
- танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту;
- шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту;
- әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру арқылы іске асырылады.

Физикалық даму, балалардың коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастыру келесі ұйымдастырылған іс-әрекеттерді кіріктіру арқылы жүзеге асырылады:

1. дене шынықтыру (ерекше тәрбиеленушілер үшін бейімделген дене шынықтыру);
2. жүзу (жүзу бассейні болған кезде);
3. сөйлеуді дамыту;
4. көркем әдебиет;
5. сауат ашу негіздері;
6. қазақ тілі;
7. сенсорика;
8. математика негіздері;
9. құрастыру;
10. қоршаған ортамен таныстыру;
11. сурет салу;
12. мүсіндеу;
13. жапсыру;
14. музыка.

Стандарт талаптарына сәйкес әзірленген Үлгілік оқу жоспарларында балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес кіріктірілген ұйымдастырылған іс-әрекеттер берілді. Ұйымдастырылған іс-әрекет – Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудыдың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт талаптарына сай.

Инновациялық технологиялар:

«Монтессори»;
«ТРИЗ»технологиясы;
«Мнемотехника» технологиясы;
Ақпараттық-коммуникативтік технология;
«Ойын» технологиясы;
«Денсаулық» технологиясы

Дамытушы әдістер:
В.В.Воскобовичтың ойын әдісі;
Н.А. Зайцевтің текшелері;
Ф.Фребель ойын құралы;
Деньеш ойын құралдары;
«Әуенді кесте»

3. Тәрбиеленушілер контингенттері

2023-2024 оқу жылында 4 топ жасақталды:

Р/с	Топ атауы	Жас ерекшелігі	Бала саны
1	«Балақай» кіші топ	2-3 жастағы балалар	20
2	«Балапан» орта топ	3-4 жастағы балалар	25
3	«Балдырған» ересек топ	4-5 жастағы балалар	25
4	«Балауса» мектепалды даярлық	5-6 жастағы балалар	20
	Барлығы		**90**

2024-2025 оқу жылында 4 топ жасақталды:

Р/с	Топ атауы	Жас ерекшелігі	Бала саны
1	«Балақай» кіші топ	2 жастағы балалар	20
2	«Балапан» орта топ	3 жастағы балалар	25
3	«Балдырған» ересек топ	4 жастағы балалар	25
4	«Балауса» мектепалды даярлық	5 жастағы балалар	25
	Барлығы		**95**

Жас кезеңдерін сақтау және топтарды бірдей жастағы немесе әртүрлі жастағы жас ерекшеліктері бойынша жинақтау:

«Қымбат апа» бөбекжай-балабақшасы бойынша жас кезеңдері сақталған, топтар да жас ерекшеліктері бойынша жинақталған. Өлшемшарттың 3-қосымшасына сәйкес жылдар бойынша жас топтары тізімдері жасалып, көшірмесі қоса берілді.

Топтың атауы	Оқыту тілі	Тәрбиеленушілер саны	Тәрбиеленушілердің жастары				
			1 жас	2 жас	3 жас	4 жас	5 жас
«Балақай» кіші тобы	қазақша	20		20			
«Балапан» ортаңғы тобы	қазақша	25			25		
«Балдырған» ересектер	қазақша	25				25	

тобы							
«Балауса» мектепалды даярлық тобы	қазақша	25					25
Барлығы		**95**					

4. Оқу әдістемелік жұмыс

Жұмыс оқу жоспарлары мен ұйымдасқан қызметтің мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына сәйкестігі:

- Педагогикалық ұжым балаларға тәрбие мен білім берудің сапасын көтеру мен жетілдіруге байланысты мақсатқа бағытталған жұмыстар жүргізеді;
- Тәрбиеленушілердің мемлекеттік білім беру стандартын игеру деңгейі бағдарламалардың барлық тараулары бойынша іске асырылуда;
